



БЕЙБІТШІЛІК пен ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕУДІҢ СИМВОЛЫ

Қызыл Жарты Ай – халықаралық гуманитарлық құқықтың маңызды бөлігі ретінде бейбітшілік пен көмек көрсетудің жаһандық символы. Бұл ұйым әлем бойынша 190-нан астам елде жұмыс істеп, табиғи апаттар мен қарулы қақтығыстар кезінде миллиондаған адамға қолдау көрсетуде. 2024 жылдың 27 қыркүйегінде Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-пәтерінде Қазақстан, Бразилия, Иордания, Қытай, Франция және Оңтүстік Африка мемлекеттері Халықаралық Қызыл Крест комитетімен (ХҚКК) бірлесіп, жаһандық халықаралық гуманитарлық құқыққа (ХГҚ) қатысты саяси міндеттемелерді жандандыру бойынша бастама көтерді. Бұл бастама Женева конвенцияларын адал орындау мен ХГҚ бұзушылықтарын болдырмауға бағытталған.

Алматы қаласында 2025 жылдың 6 ақпанында Нархоз университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінде «Ұлттық Қызыл Крест және Қызыл Ай қоғамдары: қызметінің құқықтық негіздері және соғыс құрбандарын қорғау жөніндегі Женева конвенцияларын жүзеге асырудағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге ХҚКК Орталық Азиядағы аймақтық делегациясының басшысы Биляна Милошевич, ХҚКК Қазақстандағы комиссиясының басшысы С.Сағымбаев, ҚР Қызыл Ай қоғамының президенті Е. Арғымбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты И. Смирнова және басқа да тұлғалар қатысты. Шарада Женева конвенцияларының құндылықтарын ҚР заңнамасына енгізу мәселелері қарастырылып, ұлттық қоғамның құқықтық негіздерін нығайтуға арналған нақты ұсыныстар әзірленді. Бұл бастама халықаралық және ұлттық деңгейде гуманитарлық құқықтың рөлін күшейтуге, осал топтарға көмек көрсетуге және бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған үлкен қадам болды.

Қызыл Жарты Ай қоғамының жұмысы болашақта Қазақстандағы гуманитарлық қызметтердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Дөңгелек үстел барысында бізге осы сала мамандарымен пікірлесудің сәті түсті.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ӘКІМДЕ БОЛУЫ КЕРЕК



Ұлттық қор – бұл болашақ ұрпақты экономикалық дағдарыстардан қорғау үшін құрылған стратегиялық актив. Ол бюджетті қысқа мерзімді толықтыру көзі ретінде емес, дағдарыстарды жеңуге мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді тұрақтылық құралы ретінде жұмыс істеуі керек.

СПОРТ

ІХ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан ІХ қысқы Азия ойындарында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте төртінші орында келе жатыр. Қатысушы ел мен спортшылар саны бойынша рекордтық көрсеткіш тіркелген бұл жарыста 8-9 ақпанда тоғыз-тоғыздан, 10-11 ақпанда он бір-он бірден 40 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Онда әзірге 5 елдің спортшылары ғана жүлдеге ие болды. Олар – Қытай, Корея, Жапония, Қазақстан және Тайпей.

Биылғы жарыста ең көп медаль жиынтығы конькимен жүгіру (14), фристайл (11), шорт-тректе (9), ең азы таушаңғысы, хоккей (екі-екіден) мен ски-альпинизмде (3) сарапқа салынуда. Қазір қоржынында 21 алтын, 18 күміс, 15 қола медалі бар жарыс қожайындары турнир кестесінде көш бастап келе жатыр. Үздік үштікті 11 алтын 10 күміс 9 қола медаль-



мен Корея және 4 алтын, 4 күміс, 9 қоламен Жапония құрамалары түйіндеуде. Қазақстан 1 алтын, 5 күміс, 3 қоламен төртінші орында

тұр. Қазақстан құрамасы алтынды шорт-тректен 500 метрлік ерлер эстафетасынан иеленді. 5 күмісті конькимен жүгіру, шаңғы, фрис-

тайл мен шорт-тректен, 3 қоланы конькимен жүгіру, шаңғы мен фристайлдан жеңіп алды.

34 елден келген 1200-ден астам спортшы Азия ойындарында 11 спорт түрі бойынша 64 медальдар жиынтығы сарапқа салынып отырғанын ескерсек, Қазақстанның үздік үштікке кірмесе де, бестіктегі өз орнын сақтап қалуына мүмкіндігі бар.

1986 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан Қысқы Азия ойындарында бұған дейінгі 8 жарыстың қорытындысы бойынша 146 алтын, 158 күміс, 128 қоламен Жапония бірінші орында тұр. 87 алтын, 76 күміс, 97-қола медальмен Қытай екінші орында. 80 алтын, 63 күміс, 56 қоламен Қазақстан үшінші орында. Бізді өкшелеп келе жатқан Кореяда 78 алтын, 83 күміс, 92 қола бар. Ал көршілес Өзбекстан 1 алтын, 2 күміс, 4 қоламен алтыншы, Иран 1 күміс, 2 қоламен тоғызыншы, Қырғызстан 1 қоламен оныншы орында тұр. Осы арада Корея, Қытай, Жапония, Моңғолия, Үндістан спортшылары бұл жарысқа үзбей қатысып жүргенін айта кеткен жөн шығар. Ал Қазақстан көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерімен бірге тек тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы 6 жарысқа ғана қатысты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

2-бет



Фермерлер субсидияны
екі жыл күтуге мәжбүр

6-бет



Шетелде табыс тауып жүр,
талай қазақ баласы...

8-бет



Сынбас семсер

ФОРУМ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛАР ЖӘНЕ СОТ ПРАКТИКАСЫ

Жоғарғы Сот ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар комитетімен және Қазақстанның Еуропалық бизнес қауымдастығымен (EUROBAK) бірлесіп, «Инвесторлардың құқықтарын қорғау: әкімшілік және сот практикасы» инвестициялық форумын өткізді.

Оның жұмысына Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев, ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр, Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақтың істері жөніндегі уақытша сенімді өкілі Мачей Мадалиньски, ЖС судьялары, мемлекеттік органдардың, бизнес-қауымдастықтың өкілдері және инвесторлар қатысты.

А.Мерғалиев қатысушыларға ізгі тілегін білдіре келе, Президенттің инвестициялық климат пен бизнесіне жүргізу үшін жағдайды үздіксіз жақсартудың маңыздылығы туралы сөзіне тоқталып өтті. Бұл ретте, тұрақты сот практикасын қамтамасыз етудегі маңызды қадам әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкі болуы керектігі атап өтілді.

2024 жылы тек елорданың әкімшілік соты шамамен 100 млрд теңгеге инвесторлардың құқығын қорғады. Азаматтық істер жөніндегі соттар экологиялық даулар бойынша инвесторлардың құқықтарының бұзылуын, сондай-ақ шарттық және келісімдік міндеттемелерге қатысты істерді қарайды. Бұл судьялардың сот төрелігін жүзеге асырудағы бейтарап және тәуелсіз ұстанымын көрсетеді. Бұл туралы айта келе, А.Мерғалиев бизнес пен инвесторлар да, өз кезегінде, адалдық танытып, заң талаптарын орындауы керектігін баса айтты.

Р.Скляр еліміздің инвестициялық саясатына сенімді нығайта түсетін инвесторлардың құқықтарын қорғау және сенімді құқықтық



қорғауды қамтамасыз етудегі инвестициялық форумның шешуші рөлін атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан тікелей шетелдік инвестиция көлемі бойынша ТОП-50 әлемдік көшбасшылар қатарына кіреді және Орталық Азияда жетекші орын алады. Өңірге тартылған барлық инвестицияның 60%-дан астамы Қазақстанның үлесіне тиеді. Спикер Қазақстанның инвестициялық сенімділік рейтингтері мен инвестиция тарту бойынша Үкімет қабылдаған шаралар туралы айтып өтті. М.Мадалиньски шетелдік инвесторлар үшін маңызды мәселелер талқыланатын жыл сайынғы кездесулердің форматына ризашылығын жеткізді.

ЖС әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы А.Түкиевтің айтуынша, мұндай талқылау форматы мемлекеттік органдар мен инвесторлар үшін жақсы мүмкіндік болып саналады. Ол заңнаманы жетілдіргенде тепе-теңдікті сақтау қажеттігін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бірізділік, пропорционалды шешімдер қабылдау, формализмге жол бермеу және адамгершілік көзқарасты ұстану маңызды екенін айтты. Мемлекеттік органның ұтылған сот процесстерінің жоғары пайызына қарамастан, принциптерінен таймай, «соңына дейін баратын» қадамы кері нәтиже деп аталды.

Спикерлер заң мен тәртіптің танымалдығы, Қазақстандағы заңнама мен сот практикасының тұрақтылығы, сот ісін жүргізуде сенім құқығын қорғау қағидатын жүзеге асыру, істердің соттылығы, сондай-ақ әкімшілік органдардың сот шешімдеріне шағымдануының негізділігі туралы айтып өтті.

Volvo Group Kazakhstan, Chevron, Samsung Kazakhstan компанияларының өкілдері Қазақстандағы инвестициялық климаттың жай-күйі туралы – монополияға қарсы заңнама және ірі салық төлеушілер мониторингін мәселелері; LUKOIL Kazakhstan Upstream – жер қойнауын пайдалануға типтік келісім-шарттар ережелерінің және мемлекеттің инвестициялық саясатына әсері; Казцинк және Филипп Моррис Қазақстан және Орталық Азия – инвесторлардың құқықтарын қорғау; «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» – даулы тараптарды татуластыру; Efes Kazakhstan, сондай-ақ Ernst & Young және Dentons Kazakhstan заң фирмалары – дивидендтерге қатысты салық салу және қосарланған салық салуды болдырмау туралы өз пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану мәселелері, инвестициялық даулар және олар бойынша сот практикасы талқыланды.

Форумда әкімшілік практикада инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін әзірлеу және инвестициялық дауларды тиімді шешу үшін жағдай жасау мәселелері талқыланды. Соңында форумға қатысушылар оның дәстүрлі іскерлік және сындарлы өзара іс-қимыл атмосферасын атап өтіп, осы бағытта бірлескен жұмысты жалғастыру қажеттігіне сенім білдірді.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі



МӘСЕЛЕ

ФЕРМЕРЛЕР СУБСИДИЯНЫ ЕКІ ЖЫЛ КҮТУГЕ МӘЖБҮР

Қазақстанда көктемгі егіс науқанына дайындық басталып жатыр. Оңтүстік өңірлерде егін егу жұмыстары қолға алына бастаса, басқа аймақтар да қомданып отыр. Алайда, ауыл шаруашылығы саласындағы қаржылық мәселелер фермерлердің жағдайын күрделендіріп отыр. Мәжіліс депутаты Серік Егізбаев бұл түйткілге алаңдаушылық білдіріп, Үкіметті нақты шаралар қабылдауға шақырды.

Депутаттың айтуынша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттен фермерлерге төленуі тиіс 296 миллиард теңге субсидия әлі күнге дейін өтелмеген. Ал 2025 жылға қосымша 110 миллиард теңге қажет. Осылайша, қарыз көлемі артып, ауыл шаруашылығындағы қаржылық дағдарыс тереңдей түсуде.

СУБСИДИЯ ДА, НЕСИЕ ДЕ ЖОҚ

Серік Егізбаевтың сөзінше, фермерлер өздерінің субсидияларын екі жылға дейін күтуге мәжбүр. Мемлекеттік төлемдердің кешігуіне байланысты олар шаруашылық шығындарын өтеу үшін коммерциялық банктерден жоғары пайызбен несие алуға мәжбүр. Бұл олардың қаржылық жағдайын одан әрі әлсіретіп, ауыл шаруашылығының дамуын тежейді.

«Соңғы алты айда ауыл шаруашылығын қаржыландыру жүйесін жетілдіру мәселесі Мәжілістің Аграрлық комитетінде алты рет қаралды. Әрбір отырыстан кейін біз Үкіметке ұсыныстар мен шешімдер жолдадық, бірақ нақты нәтиже жоқ», – деп мәлімдеді депутат.

Депутат сондай-ақ, мемлекет тарапынан фермерлерден астық сатып алу мәселесін көтерді. Оның айтуынша, депутаттардың бұл мәселеге қатысты барлық сауалдарына Үкіметтен бір ғана жауап келеді – «ақша жоқ».

«Ақша массасын көбейту туралы ұсыныстарды инфляция қаупімен негізсіз жоққа шығарады. Бірақ кез келген экономика студенті біледі: инфляция – бұл

тауарлық қамтамасыз етілмеген ақша массасы. Ал біздің аграршылар тек дәнді дақылдардың өзінен 26 миллион тонна өнім өндірді. Бұдан бөлек, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да өнімдер бар. Бірақ Үкімет аграрлық секторды емес, нақты құндылық өндірмейтін, бірақ триллиондаған пайда табатын кейбір экономикалық салаларды көбірек қолдап отыр», – деп сын айтты Серік Егізбаев.

Мәжілісменнің пікірінше, Үкімет пен Ұлттық банк батыл шешім қабылдап, ақша массасын арттыруы керек.

«Қарапайым тілмен айтқанда, ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлеміне сәйкес келетін деңгейде қосымша ақша басып шығару қажет. Үкімет фермерлерге субсидия беруден бас тартып, қолжетімді несиелендіру саясатына көшіп жатыр. Осындай жағдайда ауыл шаруашылығы саласының жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуі үшін қаржылық қолдау қажет», – деп түйіндеді депутат.

Қазақстандық фермерлер мемлекеттік субсидияның берілуін ғана емес, Үкіметтің нақты шешімдерін күтуде. Аграрлық секторды қолдау мәселесі шешілмесе, бұл саладағы қиындықтар ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасына, азық-түлік қауіпсіздігіне және жалпы ел экономикасына әсер етуі мүмкін.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

ИГІ ШАРА

Маңғыстау облысы, Бейнеу аудандық соты ғимаратының алдында – Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арналған ескерткіш-бюст салтанатты түрде ашылды. Іс-шара ауданның қоғамдық және саяси өмірінде маңызы зор оқиғалардың бірі ретінде аталып өтті.

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ БИІНЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Салтанатты рәсімге аудан әкімі Рақымжан Шалбаев, аудандық сот төрағасы Еркебулан Аппасов, аудандық атқарушы және құзырлы органдардың басшылары, аудандық мәслихат хатшысы, аппарат басшысы, судьялар мен сот қызметкерлері қатысты.

Ескерткішті ашқан аудан әкімі Рақымжан Шалбаев қазақ билерінің тарихтағы маңызы мен дала заңын қалыптастырудағы рөліне тоқталып, олардың әділдік пен даналық жолындағы еңбектерін атап өтті. Әкімнің айтуынша, бұл ескерткіш – әділеттілік пен құқық үстемдігін құрметтеудің символы.

Аудандық сот төрағасы Еркебулан Қайратұлы өз сөзінде билердің қазақ құқықтық жүйесін дамытудағы үлесін ерекше атап өтті. Төле, Қазыбек және Әйтеке билер тек шешендік өнерімен ғана емес, ел басқарудағы парасаттылығымен танылған. Олардың бастамалары ұлттық құқық жүйесінің негізін қалады. Әсіресе, Төле бидің бірлік пен татулыққа шақыруы, Қазыбек бидің шешендігі арқылы елді сыртқы қауіп-қатерден қорғауы және Әйтеке бидің әділдік жолындағы батыл шешімдері дала заңдарының іргетасын бекіте түсті.

Салтанатты рәсім аудандық көркемөнерпаздардың өнерімен жалғасты. Олар қазақ халқының рухын асқақтатып, ұлттық дәстүрді дәріптейтін ән мен күйден шашу шашты.

Ескерткіштің ашылуы қазақ халқының тарихи мұрасына құрмет көрсетудің жарқын көрінісі болды. Бұл бастама кейінгі ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.

Бейнеу аудандық соты
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



ЖИЫН

АРЫЗ-ШАҒЫМДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖОЛДАУ ӨЗЕКТІ

Шалқар ауданы бойынша кірістер басқармасында Шалқар аудандық сотының мамандары «Мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселелері» бойынша кездесу өткізді.

Іс-шараға аудандық кірістер басқармасының қызметкерлері қатысты. Қатысушылар жұмыс барысында мемлекеттік тілдегі іс қағаздарын жүргізудің жай-күйін және оны қолданудың сапасын арттырудың ағымдағы және перспективалық мәселелерін талқылады.

Кездесу кезінде сот актілерін қазақ тілінде әзірлеу барысында туындайтын сұрақтар талқыланып, іс жүргізуде мемлекеттік тілді енгізу туралы статистикалық ақпараттар жарияланды.

Кездесу қорытындысы бойынша іс қағаздарын жүргізудегі мемлекеттік тілдің қолданылу сапасын жақсарту туралы тапсырмалар берілді әрі тиісті ұсынымдар қабылданды және міндетті түрде тіл туралы заңды бұлжытпай орындап, сотқа шағым-арыздарды мемлекеттік тілде жолдау керектігі айтылды.

Шалқар аудандық сотының
баспасөз қызметі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖОБА

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

«Заң және Тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру аясында Жетісу облысының прокуратурасы білім беру органдарымен бірлесіп буллинг, зорлық-зомбылық және балалар құқықтарының басқа да бұзылуымен күресуге бағытталған пилоттық жобаны бастады.

Жоба Панфилов ауданынан басталды, мұнда оқушылар енді көмек сұрау немесе заңсыз әрекеттер туралы хабарлау үшін QR кодын жасырын түрде пайдалана алады.

Бүгінгі күні Панфилов ауданындағы 56 мектепте QR кодтар орналастырылған. Болашақта олар облыстың басқа да оқу орындарына қойылмақ.

Жобаның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларына жедел көмек пен қолдауға қол жеткізу, қауіпсіз білім беру ортасын құру және балалар мен олардың құқықтарын қорғайтын мемлекеттік органдар арасындағы сенімді нығайту.

Балалар қиын жағдайға түскенде көбінесе қалай әрекет етуді және кімге жүгіну керектігін білмейді. Енді QR кодын сканерлеу арқылы олар прокуратура органдарына тікелей хабарласып, қажетті көмек ала алатын болады.

Жетісу облысы прокуратурасының
баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ӘКІМДЕ БОЛУЫ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өкінішке қарай, жыл сайын бюджет тапшылығын азайту үшін Ұлттық қордан алынатын қаржы көлемі ұлғайып бара жатыр. Сонымен қатар сол нысаналы трансферттер мақсатсыз пайдаланатын фактілер де аз емес. Мұның бәрі бюджеттік заңнама негізінде орын алуда. Енді мұндай қаржы шығындарына жол берілмейді деген үміт пайда болды. Парламент Сенатының жалпы отырысында қаралған ҚР Бюджет кодексі мен «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» және «Концессиялар туралы», «ҚР заңының күші жойылды деп тану туралы» заңдарға енгізілген «Мемлекеттік қаржыны басқару» атты жаңа бөлімінде қамтылған талаптар осы мақсатты көздейді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Бюджет кодексі халықаралық стандарттар мен қазіргі заманғы сын-қатерлерге сәйкес келетін ашық, тиімді және икемді бюджеттеу жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Тұтастай алғанда Бюджет кодексі бюджеттік процесті түбегейлі жеңілдетуге, «бюджетті басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» ауысу арқылы бюджет саясатының үлгісін реформалауға, блоктық бюджет элементтерін енгізуге, бюджеттік саясаттың шекті параметрлерін айқындауға және фискалдык орталықсыздандыруды күшейтуге бағытталған.

Басшыларға қойылар талап күшейді

Расында да қазіргі уақытта мемлекет активтерін есепке алу тек бюджет шығыстары шеңберінде жүргізіледі. Бұл ретте бюджеттен тыс қомақты бюджет қаражаты пайдаланылады. Олар бюджеттен тыс қорлар, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шығыстары және басқалар. Нәтижесінде мемлекеттің нақты қаржылық мүмкіндіктері көрінбейді, болжау бұрмаланады. Сондықтан кодекстің осы жаңа бөлімінде көрініс тапқан бас желіні әзірлеу қажеттілігі туындады. Онда мемлекеттік қаржының тиісті жай-күйін сақтау үшін белгілі бір құралдар қарастырылған. Олар бюджеттің негізгі параметрлері, мысалы, шығыстардың өсуі, мемлекеттік қарыз тапшылығының деңгейі және басқалары мақсатты бағдарларға сәйкес келуі қажеттігі жөніндегі бюджеттік ережелер. Олардың негізінде енді Ұлттық қор қаражатын қазақстандық эмитенттердің ішкі қаржы құралдарына инвестициялауына, бюджеттің

ағымдағы шығыстарын қаржыландыруға тыйым салынды. Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен шығыстарды қаржыландыруға қойылатын талаптар күшейтіліп, нысаналы трансфертті мақсатсыз пайдаланғаны үшін мемлекеттік органның бірінші басшысының жауапкершілігі бекітілді.

Қаржылық дербестікті қамтамасыз ету маңызды

Талқылау кезінде сенаторлар заңдарды концептуалды түрде қолдап, оларға бірқатар ұсыныстар енгізді. Нақты айтқанда, палата депутаттары енгізген түзетулердің бірқатары өңірлерді дамытуға және қаржылық дербестікті қамтамасыз етуге арналған. Мәселен, ауылдық жерлерде жайылымдардың тозып, шөлейттенуіне байланысты олардың тапшылығының артып келе жатқанын ескере отырып, сенатор-

қоймаларын, каналдар мен гидротехникалық нысандарды дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша шығыстарды субсидиялауды көздеу ұсынылады. Осыған орай сенаторлар Су кодексі шеңберінде уәкілетті органның құзыретін аталған бағыттар бойынша жобаларды іске асыру үшін субсидиялау және бюджеттен субсидиялар төлеу қағидаларын әзірлеу әрі бекіту құқығымен толықтыруды ұсынды.



Бүгінгі күні жергілікті әкімдердің әлеуметтік-экономикалық салалардағы өкілеттіктерін кеңейтудің орнына, біз оларды денсаулық сақтау және білім беру жүйесін басқарудан шеттеттік. Спортты да облыстық деңгейге беру туралы әңгіме көп. Бұлардың барлығы қоғамдық өмірдің маңызды салалары. Бұл - ұлт саулығы, балалардың тәрбиесі мен білімі, жастар саясаты.

көрінеді. Бұған дейін ондаған жылдар бойы білім саласы аудандық бюджеттен қаржыландырылып келген, яғни бізде нақты практикалық тәжірибе бар. Олай болса пилоттық жобаны жүргізудің не қажеті бар? Оған уақыт пен қаржы кетіріп не керек? Өкінішке қарай, соңғы жылдары білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлық пен бюджет қаржысын талан-таражға салудың ірі фактілері анықталуда. Тиісті бақылаудың жоқтығынан қаражатты мақсатсыз жұмсау, бухгалтерлердің жемқорлықпен ұсталу фактілері жиілеп тұр. Тек, 2023–2024 жылдар аралығында мемлекетке келген зиян 15,5 миллиард теңгеден асып отыр. Осының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Бүгінгі күні жергілікті әкімдердің әлеуметтік-экономикалық салалардағы өкілеттіктерін кеңейтудің орнына, біз оларды денсаулық сақтау және білім беру жүйесін басқарудан шеттеттік. Спортты да облыстық деңгейге беру туралы әңгіме көп. Бұлардың барлығы қоғамдық өмірдің маңызды салалары. Бұл – ұлт саулығы, балалардың тәрбиесі мен

қауіпін тудырады, ондай жағдайда қаражат елдің стратегиялық басымдықтарына жұмсалмай, Үкіметтің ағымдағы қажеттіліктеріне қарай жұмсалады. Осыған байланысты, еліміздің экономикасын орнықты дамыту мақсатында және бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін Ұлттық қорды басқаруда пәрменді тәсіл қажет. Сонымен қатар, Ұлттық қордан берілетін трансферттер тек аса қажетті инфрақұрылымды және республикалық маңызы бар жобаларды дамытуға бағытталуымен қатар, ұсынылғандай – Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің 30 пайызы мөлшерінде ковенанттармен шектелуі тиіс.

Екі заң жобасы да сенаторлардың аталған және өзге де өзгертулерімен Мәжіліске қайтарылды. Қаралған заңдарға қатысты пікір білдірген Сенат төрағасы мемлекеттік қаржыны басқару жүйесіндегі үрдістер, сондай-ақ, фискалдык саясат саласындағы проблемалар елдің бюджеттік үлгісін қайта қарау қажет екеніне дәлел болғанын атап өтті.

«Бұл кодекс бюджет саясатының тиімділігін, бюджет үдерісінің ашықтығын және оған қатысушылардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Жалпы, жаңа Бюджет кодексінің қабылдануы атқарушы және заң шығарушы биліктердің Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру жолындағы өзара тығыз әрі тиімді жұмысының нәтижесі екені сөзсіз. Қаралған заңдар мемлекеттің фискалдык саясатын тиімді іске асыруға және еліміздің стратегиялық құжаттарында айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сенаторлардың ұтымды ұсыныстары

Сондай-ақ палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады. Олардың ішінде Закиржан Кузиев ауыл шаруашылығын толыққанды дамыту үшін аграрлық кластерлер құрудың маңызы зор деп есептейтінін айтып, саланы және аграрлық стартаптарды қолдау мақсатымен Ұлттық аграрлық ғылым-білім беру орталығының базасында бірыңғай оқыту орталығын құруды ұсынды. Бибігүл Аққожина жұмысшы мамандықтарды игеріп шыққан түлектер үшін міндетті өндірістік тағылымдаманы бекітудің маңызы екеніне үкімет назарын аудартты. Жанболат Жөргенбаев елдің транзиттік әлеуетін нығайтуды көздейтін шараларға айтып, саланы және аграрлық туристер ағынын ұлғайтуға, шекаралас өңірлердің экономикалық дамуын ынталандыруға және «Қалжат», «Нарынқол», «Қарқара» бекеттерінде жаңа өткізу пункттерін ашып, сауда-логистикалық орталықтар құру арқылы инвестициялар тартуға болатынын айтты. Серік Шайдаров Ұлытау облысындағы инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін қосымша қаражат бөлу және Ұлытау салық органдарында жалға алынған жерлерде жұмыс істейтін жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаларды қайта тіркеу мүмкіндігін қарастыру мәселесіне Үкімет назарына ұсынды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Білім саласына бақылау керек

Сенаторлардың айтуына қарағанда, олардың барлық ұсыныстары қабылданбаған сияқты. Мәселен, сенатор Әли Бектаевтың айтуынша, Бюджет кодексі жобасында корпоративтік және жеке табыс салықтарын аудандық деңгейге беру көзделіп отыр. Бұл сөзсіз дұрыс шешім және билікті орталықсыздандыру жолында маңызды қадам. Өйткені, қала және аудан әкімдерінің шағын және орта бизнесті дамытуға, салық базасын өсіруге ынтасын арттырады. Алайда, облыстық бюджеттерден барлығы 730 млрд теңгеге кемітетін болады. Әрине, бұл оларға әжептеуір салмақ түсіретіні белгілі. Сондықтан сенаторлар білім беру ұйымдарының қаржылық-шаруашылық шығындарын аудандық деңгейге беруді ұсынды. Өйткені, көптеген аймақтарда білім беру саласына бөлінетін қаржы бюджеттің үлкен бөлігін құрайды. Өкінішке орай, Үкімет бұл ұсынысты қолдамады, себебі бірнеше өңірде бұл бойынша пилоттық жоба іске асырылып жатыр, соның нәтижелері бойынша шешім қабылданатын

білімі, жастар саясаты. Біз үшін ішкі тұрақтылықты сақтау аса маңызды. Егер аудан әкімі мектепті жөндеуге шамасы келмесе, ол мемлекеттік саясатты қалай жүзеге асырады?! Бүгінгі таңда Президентіміз білім беру жүйесіне үлкен көңіл бөліп отыр. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы жақсарды, жалақысы өсті. Мектептер халықаралық стандарттарға сай жабдықталуда. «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асуда. Осылардың барлығы жергілікті әкімдер өз жауапкершілігіне алып, қадағаламаса, кім қадағалайды? Сондықтан да білім беру жүйесін қаржыландыруды да, оны басқару мен бақылауды да аудан, қала әкімдеріне қайтару қажет.

Ұлттық қордағы қаражатқа көз аларту артық

Наурызбай Байқадамовтың айтуынша, жаңа Бюджет кодексінің де Ұлттық қордан республикалық бюджетке аударылуы мүмкін болатын қаражат көлеміне қойылатын нақты шектеулер жоқ. Ұлттық қор туралы негізгі ережелер оны қалыптастыруға және трансферттерді беруге қатысты, бірақ бақылаудың егжей-тегжейлі тетіктері қамтылмаған. Қаралып отырған Бюджет кодексінің 59-бабы 2-тармағының редакциясында Ұлттық қордың жұмсалыуы нысаналы бағдарлармен және нысаналы талаптардың көлемімен шектелетіні ғана көрсетілген. Бұл критерийлер жеткіліксіз. Нақты критерийлердің болмауы дискрециялық шығындар

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Қала әкімі Ерболат Досаев Алматы ауданы тұрғындарымен болған кездесуде биыл еліміздегі ең ірі мегаполисте Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығын құруды жоспарлап отырғандарын жариялады.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

«Жолдағы қауіпсіздікті арттыру және трафикті басқару бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Бүгінгі таңда бұл функциялар Полиция департаментіне жүктелген. Ішкі істер министрлігі трафикті басқару бойынша функциялардың бір бөлігін қала әкімдігіне беруді мақұлдады», – деді онда шаһар басшысы жолдардағы қозғалысты реттеу бойынша жұмыстар туралы айтқан кезде.

Қазіргі таңда Алматыдағы 591 бағдаршамның 93-і адаптивті басқаруға арналған еуропалық құралмен жабдықталған. Алдағы уақытта қалған 498 бағдаршам да

жаңартылатын болады. Ол қозғалысты нақты уақыт режимінде реттеуге мүмкіндік береді. Жаңа жүйе көлік легінің қозғалысын басқаруға, қозғалыс статистикасын есептеуге, кері санақ таблосын орнатуға және арнайы көліктерге басымдық беруге мүмкіндік береді.

Жалпы, Алматыдағы сапалы жолдардың үлесі былтыр 92 пайызды құраған болатын. Биыл оның үлесі жыл соңына дейін 95 пайызға жеткізілетін болады.

Е.КЕБЕКБАЙ
АЛМАТЫ

«БІР АУЫЛ – БІР КӘСІП»


Алматы облысы Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетовтың айтуынша, 2024 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,4 млрд теңгені, ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімі 42 млрд теңгені, инвестиция көлемі 9 млрд теңгені құрады. Ауданда 100 мыңнан астам ірі қара, 30 мың жылқы, сондай-ақ 30 мың қой-ешкі бар.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 133 тұрғынға жеңілдетілген несие беріліп, айналымға 20 мың гектар пайдаланылмаған жер қайтарылды. Ал «Бір ауыл – бір кәсіп» жобасы аясында 37 жаңа нысан ашылып, 100 адам жұмыспен қамтылды.

40 пәтерлі тұрғын үй құрылысы аяқталып, жастар ресурстық орталығы ашылды, әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін 35 пәтер сатып алынды. 100 үйге газ тартылып, 20 елді мекен орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілді», – дейді аудан әкімі.

А.Құтпанбетовтың сөзіне қарағанда, денсаулық сақтау саласында фельдшерлік-акушерлік пункттер, медициналық амбулаториялар мен дәрігерлік кабинеттердің құрылысы жүргізілуде. Білім беру жүйесінде үш ауысымды оқыту мәселесі шешілгенімен, бірнеше мектепке күрделі жөндеу қажет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ





БЕЙБІТШІЛІК пен ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕУДІҢ СИМВОЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бильяна МИЛОШЕВИЧ, Ұлттық қоғамдардың рөлі МККК-нің Орталық Азиядағы Өңірлік делегация басшысы:

«МАҚСАТ – ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР САЛДАРЫН ЖЕҢІЛДЕТУ»

– Халықаралық гуманитарлық құқық (ХГҚ) дегеніміз не және оның маңызы неде?

– Халықаралық гуманитарлық құқық – бұл қарулы қақтығыстар кезінде бейбіт тұрғындарды, медициналық қызметкерлерді, әскери тұтқындарды қорғауға және соғыс жүргізудің әдістерін реттеуге арналған құқықтық жүйе. Оның негізгі мақсаты – қарулы қақтығыстардың салдарын жеңілдету, заңды әскери іс-қимылдар мен адамгершілік қағидаттарының арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Бұл құқықтың тамыры тереңге кетеді. Ол ежелгі өркениеттер мен діни нормалардан бастау алып, бүгінгі күнге дейін дамып, жетілдірілді. Қазіргі таңда оның негізі 1949 жылғы Женева конвенцияларында және олардың қосымша хаттамаларында бекітілген.

– Ұлттық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдары бұл процесте қандай рөл атқарады?

– Ұлттық қоғамдар – халықаралық гуманитарлық құқықты жүзеге асырудағы маңызды құралдардың бірі. Олар мемлекеттің ресми емес, бірақ маңызды серіктесі ретінде әрекет етіп, гуманитарлық көмек көрсетеді, құқықтық нормаларды насихаттайды және халықтың гуманитарлық құқыққа қатысты ақпараттануын арттырады. Ұлттық қоғамдардың ерекше міндеттерінің бірі – үкіметпен ынтымақтастық орнатып, Женева конвенцияларының орындалуын қамтамасыз ету. Олар соғыс немесе төтенше жағдай кезінде гуманитарлық көмек көрсетумен қатар, мемлекетке бейбіт уақытта ХГҚ нормаларын енгізуге көмектеседі. ҚР Қызыл Жарты ай қоғамы ХГҚ-ны ұлттық және халықаралық деңгейде іске асыруға үлес қосуда. Ұлттық қоғам Алматы мен Қазақстанның 17 өңірінде жұмыс істейді, бұл оған халық пен жергілікті билік органдары арасында ХГҚ туралы ақпарат таратуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, өткен жылдың соңында Қазақстанның бес облысында Женева конвенцияларының 75 жылдығына арналған дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Қызыл Жарты ай қоғамы ХГҚ және гуманитарлық қағидаттарды халықаралық деңгейде ілгерілетуде маңызды рөл атқара алады. Қоғам Қызыл Крест және Қызыл Жарты айдың халықаралық конференцияларына белсенді қатысып келеді. Мысалы, былтырғы конференцияда «Халықаралық гуманитарлық құқықты сақтау мәдениетін қалыптастыру» және «Қарулы қақтығыстар кезінде ИКТ саласындағы әрекеттерден азаматтық тұлғалар мен объектілерді қорғау» атты екі қарар бірауыздан қабылданды.

Қазақстанның Қызыл Жарты Ай қоғамы көпжақтылыққа, халықаралық құқық қағидаттарын ұстануға, жаһандық тұрақтылыққа, қарусыздану процесінің, атап айтқанда ядролық қарусыздану саласындағы көшбасшылыққа тән белгілері болып табылатын дәстүрлі белсенді сыртқы саясаттан басқа, Қазақстан ХҚКК-мен бірлесіп ХҚК-ның саяси міндеттемесін жандандыруға бағытталған бастаманы көтерген әлемнің алты мемлекетінің біріне айналды. Қызыл Жарты Ай қоғамы Қазақстан билігіне әскери және бейбіт уақытта МГП нормаларының толық орындалуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін қабылдануы тиіс ішкі құқықтық және практикалық шараларды әзірлеуге жәрдем көрсете алады. Осындай мысалдардың бірі «Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай Ұлттық қоғамы туралы» заңды қабылдау жөніндегі жұмыс болып табылады. Осы заңның қабылдануы Ұлттық қоғамның төтенше жағдайларда мемлекеттің көмекшісі ретінде тиімді жұмыс істеуі үшін параметрлерді анықтап, жағдай туғызар еді. Тағы бір жарқын мысал 1949 жылғы Женева конвенцияларымен, оларға қосымша хаттамалармен және ұлттық заңнамамен реттелетін қорғаныс эмблемаларын (Қызыл крест, Қызыл Жарты ай, қызыл кристалл) қолдануға қатысты. Мемлекеттер оларды бейбіт уақытта да, қарулы қақтығыстар кезінде де дұрыс пайдалануға жауапты. Олардың демонстрациясын реттейтін ұлттық нормалар көптеген елдердің ұлттық заңнамасына енгізілген. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында халықаралық шарттар негізінде Қызыл Крест, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Кристалл эмблемаларын пайдалану және қорғау туралы жеке заң әлі қабылданған жоқ. Бірінші Женева конвенциясының 44-бабы ұлттық заңнамаға және Ұлттық қоғамның тікелей рұқсатына сәйкес бейбіт уақытта эмблемаларды айрықша пайдалануды көздейтін әскери отырып, Қазақстанда Ұлттық қоғам туралы да, эмблема туралы да заңдардың қабылдануы Қазақстанның Қызыл Жарты Ай қоғамының белсенді күш-жігеріне әкеп соғады.



Еркебек АРҒЫМБАЕВ,
Қазақстанның Қызыл Ай қоғамының президенті:

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ ІРІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ БІРІ

Жыл сайын Қазақстанның Қызыл Жарты Ай қоғамы төтенше жағдайларға ден қою және ерте қалпына келтіру бағдарламалары шеңберінде көптеген адамдарға көмек көрсетеді. Айта кету керек, Қазақстанның Қызыл Жарты Айы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңмен реттеледі және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайды.

Ұйым бүкіл ел бойынша табиғи, техногендік және басқа да төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету операцияларын белсенді жүргізеді. Тек 2020 жылдан 2024 жылға дейін су тасқыны, өрттер, жарылыстар, құрғақшылық және басқа да төтенше жағдайлардан зардап шеккен 65 мың адамға көмек көрсетілді.

Ұйымның көпжылдық тәжірибесі COVID-19 пандемиясы кезінде төтенше жағдайлар мен карантин жағдайында тиімді әрекет етуге мүмкіндік берді. Серіктестердің қолдауымен денсаулық сақтау мекемелері мен басқа да қызметтерге 500 мыңнан астам жеке қорғаныс құралдары, соның ішінде көп рет қолданылатын және бір реттік қорғаныс костюмдері, респираторлар, медициналық маскалар мен қолғаптар жеткізілді. Денсаулық сақтау министрлігінің ұлттық сараптама орталығының барлық 16 филиалына 120 мың тампон-зондтар мен ПТР тестілеуге арналған 270 реагент жиынтығы тапсырылды. 2022 жылғы қаңтар оқиғалары кезінде Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдары Федерациясының қолдауымен Алматы қаласы мен Алматы облысындағы осал топтардан шыққан шағын және орта бизнес қызметкерлеріне қаржылай көмек көрсетілді. Нәтижесінде жұмысын толық немесе уақытша жоғалтқан 718 адамға көмек берілді.

– Қызыл Ай қоғамының төтенше жағдайлар кезіндегі рөлі қандай? Соңғы жылдары қандай ауқымды шаралар атқарылды?

– Қазақстанның Қызыл Ай қоғамы – еліміздегі ең ірі гуманитарлық ұйымдардың бірі. Біздің басты мақсатымыз – төтенше жағдайларға жедел әрекет етіп, зардап шеккен азаматтарға шұғыл көмек көрсету. Осыған байланысты біз бірнеше бағытта жұмыс істейміз: гуманитарлық көмек көрсету, апаттардың алдын алу және қоғамды төтенше жағдайларға дайындау. Мысалы, елдегі төтенше жағдай енгізілген кезде біз отбасылық байланыстарды қалпына келтіруге көмектестік. Сонымен қатар, қабылдау-тарату орталықтарында болған мигранттарға



гигиеналық жиынтықтар ұсындық. Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей азаматтарына шетелдегі отбасыларымен байланыс орнатуға жәрдемдестік. Осы жұмыстардың аясында 60-тан астам өтініш өңделді. Сондай-ақ, Халықаралық Қызыл Крест Комитетімен және Қырғыз Республикасының Қызыл Жарты Айымен бірлесіп, 78 Қырғызстан азаматының өз отанына оралуын ұйымдастырдық.

– Қарағандыдағы Костенко шахтасында орын алған қайғылы оқиғадан кейін Қызыл Ай қандай көмек көрсетті?

– Бұл біз үшін аса ауыр жағдай болды. Жарылыс салдарынан 46 адам қаза тауып, 29 адам жарақат алды. Біз корпоративтік серіктестеріміздің қолдауымен қаза тапқан шахтерлердің отбасыларына 1 млн теңгеден, ал жарақат алған шахтерлерге 500 мың теңгеден қаржылай көмек көрсеттік. Жалпы саны 75 отбасыға қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, Қарағанды облыстық филиалының базасында Кризистік орталық құрылды. Бұл орталық төрт ай бойы жұмыс істеп, жарақат алған шахтерлердің отбасыларына психологиялық қолдау көрсетіп, психоәлеуметтік іс-шаралар ұйымдастырды. Сондай-ақ, балаларға арналған оқыту курстарын өткіздік.

– 2024 жылдың көктемінде елімізде жаппай су тасқындары болды. Бұл жағдайға қалай әрекет еттіңіздер?

– Су тасқыны басталған алғашқы күндерден-ақ Қызыл Ай қоғамы шұғыл түрде әрекет етіп, зардап шеккендерге көмек көрсете бастады. Біз 10 облыста уақытша орналастыру орталықтарында қолдау көрсетіп, азық-түлік, санитарлық-гигиеналық жиынтықтар, төсек-орын жабдықтары мен ауыз сумен қамта-

масыз еттік. Жалпы саны 26 мыңнан астам адамға көмек берілді.

Сонымен қатар, бөгеттерді нығайту жұмыстарына қатысқан еріктілерге, әскери бөлімшелерге және төтенше жағдайлар қызметіне арналған тамақтану ұйымдастырылды. Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдары федерациясының төтенше жағдайлар қорымен, сондай-ақ бірқатар ірі компаниялардың қолдауымен 1,5 миллиард теңгеден астам сомаға қосымша көмек көрсетілді. Бұл қаражат көпбалалы, толық емес отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандар мен жалғызбасты қарттарға бағытталды. Қызыл Жарты Ай қоғамы өзінің 2025 стратегиясына сәйкес, климаттың өзгеруінен туындайтын қазіргі және болашақ гуманитарлық әсерлердің деңгейін төмендетуге өз үлесін қосуға тырысады. Осы мақсатта біз елдің апат қаупі жоғары аймақтарындағы қауымдастық деңгейінде апат қаупін азайту және оның салдарын жеңілдету жобаларын жүзеге асыру үшін Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қозғалысы аясындағы ынтымақтастықты кеңейтудеміз.

Алматы – Қазақстанның ең халқы тығыз орналасқан қаласы және ол Солтүстік Тянь-Шань сейсмикалық белсенді аймағында орналасқан. Бұл аймақ күшті жер сілкіністерінің салдары болып табылатын ірі тектоникалық жарықтардың болуымен ерекшеленеді. Тарихи мәліметтер бұл аймақта жер сілкіністерінің циклі түрде қайталанатынын дәлелдейді: 1887 жылғы Верный жер сілкінісі (магнитудасы шамамен 7,3), 1889 жылғы Шілік жер сілкінісі (магнитудасы шамамен 8,0) және 1911 жылғы Кемин жер сілкінісі (магнитудасы шамамен 8,2). Осыны ескере отырып, Алматы қаласында, сондай-ақ Алматы және Жетісу облыстарында Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдарының халықаралық федерациясымен және USAID-пен бірлесіп, төтенше жағдайларға дайындық пен оларға ден қоюды қамтамасыз ету мақсатында жергілікті және ұлттық әлеуетті нығайту бойынша жұмыс жүргізілуде.

ҚР Ұлттық Қызыл Жарты Ай қоғамы – еліміздегі жалғыз ресми гуманитарлық ұйым, оның негізгі міндеті – жараланғандар мен науқастарды тасымалдау және емдеу, сондай-ақ табиғи және техногендік апаттар кезінде шұғыл көмек көрсету. Бұл ұйымның қызметі 1949 жылғы Женева конвенциялары мен олардың қосымша хаттамаларында, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарларында бекітілген. Заңның қабылдануы Қазақстанның Ұлттық қоғамының табиғи апаттар мен төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттырып, халықтың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі мен табиғи апаттардың көбеюіне байланысты гуманитарлық саладағы жұмыстың тиімділігін арттыруға жол ашады. Бұл Қазақстан халқының мүддесіне жұмыс істейтін маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі болмақ.



БЕС ҚАРУЫҢ САЙ БОЛСЫН

Әскери өнердің негізін қалаушылардың бірі Ф. Лойд: «Жер – соғыстың басты кітабы: кім оны оқымаса, генерал болудан үміттенбесін» деген еді. Расында, топогеодезистер ұсынатын мәліметтерсіз майдан даласында дұрыс шешім қабылдау, нақты жоспар құру және әскери іс-қимылдарды сәтті жүргізу мүмкін емес.

Әскер бөлімшелерін бір-бірімен байланыстыру, техниканы тиімді пайдалану, жауынгерлік операцияларды дәл жоспарлау – осының бәрінде топографиялық қызметтің рөлі ерекше. Елімізде жыл сайын 30 қаңтарда әскери топографтардың кәсіби мерекесі аталып өтеді. Бұл дата 1992 жылы Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамында Топографиялық қызмет

бөлімі құрылған күнге орай белгіленген. Топографиялық қызметтің тарихы тереңде жатыр. Оның іргетасы 1969 жылы 24 мамырда Алматыда құрылған КСРО Орталық әскери округінің топографиялық қызметімен тығыз байланысты. Тәуелсіздік жылдары бұл қызмет атауы бірнеше рет өзгерді. Бүгінде ол «Геоақпараттық қамтамасыз ету департаменті» деген атпен

жұмыс істейді. Әр жылдары бұл департаментті А. Чернов, Е. Маусымбеков, Н. Қарабаев, М. Саматов, М. Жанпейісов, С. Герасимов сынды білікті мамандар басқарған.

Топографиялық қызметтің басты міндеті – әскерді дәл картографиялық мәліметтермен қамтамасыз ету. Бұл мәліметтер қолбасшыларға әскердің қай бағытта әрекет етуі керектігін шешуге мүмкіндік береді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында топогеодезиялық қамтамасыз ету қызметінің алдында әскерді картамен үзіліссіз қамту, сондай-ақ арнайы карталар мен жергілікті жердің макеттерін

дайындау міндеті қойылды. «Топографиялық қызметтің даму тарихындағы айрықша кезеңнің бірі – 1998 жыл мен 2001 жыл аралығы. Осы уақытта «Қазақстан ГИС орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылып, цифрлық картография мәселесін шешуге бел шеше кірісті. Оның міндеті қағаз карталарды цифрландырып, әскерді қамтамасыз ету еді», дейді Қарулы күштер Бас штабы Геоақпараттық қамтамасыз ету департаментінің бастығы Серік Жолдыбаев. Иә, заман көші орнында тұрмайды. Жаңа технологиялар өмірге келіп, ғылым алға басқан сайын топогеодезистердің де алдына қойылып отырған міндеттер ауқымы кеңейіп түскен.

Осы жылдары елімізде тұңғыш рет отандық оқу орындарының әскери кафедралары базасында топо-

геодезиялық білімі бар запастағы офицерлер даярлау қолға алынды. 2011 жылдан топогеодезиялық жұмыс жүргізу үшін әскерді заманауи топогеодезиялық құрылғылармен жабдықтау басталды. Жылжымалы навигациялық кешендер сатып алынып, олар жауынгерлік іс-қимыл жүргізілетін аудандарда топогеодезиялық даярлық мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік берді», – дейді полковник С. Жолдыбаев.

С. Жолдыбаевтың айтуынша, қазіргі күні еліміздің Қарулы күштерінде екі жылжымалы кешен бар. Біріншісі – навигациялық-топографиялық, екіншісі, навигациялық-геодезиялық кешендер. Бұлар барлық қажетті жабдықпен қамтылған: өздерінің ұшқысыз ұшу аппараттары бар, солар арқылы жерді суретке түсіріп, дайын картаны басып шығарады. Ал биыл

әскери топографтар қатарына еліміздің қорғаныс-өнеркәсіп кешені жасап шығарған 3 жаңа техника қосылып, отандық өнімдер «Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс» өңірлік қолбасшылықтарына берілген. Қорғаныс министрі 2019 жылдың 27 шілдесінде еліміздің Қарулы күштерін геоақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамытудың жол карт-цифрландыру мен жасанды интеллект секілді ғылым жетістіктерін пайдалану жобасын бекітті. Заман ағымына сай Қарулы күштеріміз де жаңашылдықтан кенде қалып жатқан жоқ. «Бес қаруы сай болу үшін әрбір мүмкіндікті пайдалану маңызды». Бұл әскеріміздің әлеуетті, аспанымыз ашық, ұйқымыз тыныш болуына өз септігін тигізери сөзсіз.

Бетті дайындаған
Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БАСҚОСУ

Адам саудасы – қазіргі замандағы ең қауіпті қылмыстың бірі. БҰҰ мәліметіне сәйкес, жыл сайын әлемде мыңдаған адам осы қылмыстың құрбанына айналуға. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Қауіпсіздік шаралары: адам саудасының қалай алдын алуға болады?» деген тақырыпта ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

АДАМ САУДАСЫ – АУЫР ҚЫЛМЫС



Басқосу барысында нақты мысалдар келтіріліп, азаматтардың алданып қалмауы үшін қандай сақтық шараларын қабылдау керектігі түсіндірілді. Сонымен қатар, шетелде жұмыс істеудің қаншалықты қауіпсіз екендігі және осы сапар барысында құқықтық, әлеуметтік мәселелер туындап, тығы-

Бұл шараның мақсаты – қоғамда адам саудасына тегеурінді тосқауыл қою, оның қауіптілігін жалпы жұртшылыққа түсіндіру және азаматтарды құқықтық сауаттылыққа баулу. Шараға «Дәріс-2016» қоғамдық қорының заңгері Наталья Исакова және қор жетекшісі Гүлнұр Идигеева, сондай-ақ ҚР Ұлттық ұлан №6655 әскери бөлімінің сарбаздары қатысты.

Спикерлер адам саудасы мәселесінің қазіргі қоғамдағы өзектілігі туралы баяндап, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Олар мемлекет тарапынан адам саудасын азайтуға бағытталған шаралар, шетелге жұмыс істеуге бару кезіндегі қауіпсіздік ережелері және азаматтардың құқықтары туралы маңызды ақпаратпен бөлісті.

рыққа тірелгенде қандай қадамдар жасауға болатыны жөнінде кеңестер берілді.

Кітапхана оқырмандары мен қонақтары талқыланған мәселеге байланысты өз пікірлерін білдіріп, ойларын ортаға салды. Кітапхана директоры Сұлұшаш Хакимова қорытынды сөз сөйлеп, маңызды ақпарат ұсынған қонақтарға алғысын білдірді.

Бұл шара қатысушылар үшін пайдалы әрі әсерлі өтті. Мұндай маңызды басқосулар алдағы уақытта да жалғасын тауып, қоғамда қауіпсіздік мәдениетін арттыруға өз үлесін қоса бермек.

Айзада УТЕШОВА,
С.Бәйішев атындағы АОӘФК
коворкинг секторының меңгерушісі

МЕРЕЙ

МЕМЛЕКЕТ ТҰҒЫРЫ

Тіл – ұлттың басты құндылығы. Кез келген халықтың болмыс-тіршілігі, өркеніеттілігі, мәдениеті, тіпті болашағы сол тілдің қолданыс ауқымдылығымен өлшенеді. Тілдің қолданыс аясы кеңейген сайын мәртебесі де биіктей бермек.

Еліміз тәуелсіз мемлекет атанғалы бері, ана тіліміздің қолданыс өрісі кеңейіп, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттырып, халықтың жаппай қолданатын, қажетті тіліне айналдыру үшін қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Әр он жыл сайын тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламалары қабылданып келеді.

Елімізде арнайы қазақ тілін үйрететін орталықтар ашылып, қазақ тілді балабақшалар мен мектептердің санын арттыру жұмыстары жүріп жатыр. Қазақ тілін сот саласында кеңінен қолдану үшін бар жағдай жасалып келеді.

Мәселен, заң жүзінде «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» екендігі жазылған. Осы орайда сот жүйесінде сот отырыстарын қазақ тілінде өткізуге бар жағдай жасалған.

Мәселен, тараптардың бірі сот барысында тілден қиналатын болса арнайы аудармашы беру қарастырылған. Және сотқа талап арыз қай тілде түссе сот отырыстары да сол тілде өткізіледі. Саладағы іс қағаздары да қазақ тіліне

және тілден қиналатын болса арнайы аудармашы беру қарастырылған. Және сотқа талап арыз қай тілде түссе сот отырыстары да сол тілде өткізіледі. Саладағы іс қағаздары да қазақ тіліне

көшіп келеді. Бұл еліміздің сот жүйесінің қазақ тілінің мәртебесіне бей-жай қарамағанының көрінісі болса керек. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп Қадір Мырзалиев ағамыз айтқандай, қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақ үлес қосар болса ұлтымыздың да ертеңі жарық болмақ. Өйткені тіл ұлттың ажырамас бөлігі!

Атап өтер жайт, қандай мемлекет болмасын, ондағы мемлекеттік тілдің өмір сүріп, қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі – тілді қолданушылар санының жеткілікті болуы. Қазіргі таңда қазақ сан жағынан еліміздегі халықтардың басым көпшілігін құрап отыр. Демек алдағы уақытта қазақ тілінің қолданыс аясы әлі де арта түсетініне сенім мол!

Гүлнұр КУПISOBA,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің бас маманы
сот отырысының хатшысы

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жолы бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеті.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanzan@mail.ru

ӨРТУРА

2. «Elevator Service» ЖШС (лифтке) жедел сатыларға қызмет көрсету жөніндегі мамандандырылған компаниясы (БСН 160140013234) барлық мүдделі тұлғаларға лифт жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған жария шарттың сайтта орналастырылғаны туралы хабардар етеді elevator-service.kz.

8. «Компания «UNEX STROY» ЖШС (БСН 020340001844) жарғылық капиталдың 10 000 000 (он миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмас шағын ауданы, 207-үй, тел. 87272555747.

10. 27.11.1984 жылы туған азаматша Вострова Светлана Сергеевнаны хабарсыз кетті немесе қайтыс болды деп тану туралы арыз бойынша іс қаралуда. С.С. Вострованың соңғы мекенжайы белгісіз, сондықтан оның туған жері немесе қайда жүргендігі туралы білетін адамдар болса Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 127А мекенжайында орналасқан Жетісу облысының, Панфилов аудандық сотына үш ай мерзімде хабарласуды сұраймыз! Тел. 8-72831-520-66, 8707-106-16-94.

15. «Ломбард-К2» ЖШС (БСН 171040013959) микроқаржы қызметін жүзеге асыру лицензиясының тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 122, 2-т.е.ж. мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87009281830.

ТАРАТУ

3. «FizMat Education» ЖШС (БСН 230840037545) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Кенжебай көшесі, 11-үй.

12. «НУРШАШ» ЖШС (БСН 171040038627) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру

жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Жарма ауданы, Калбатау ауылы, Қабанбай көшесі 3/3, тел. 87474076420.

13. «НарынТрансСервис» ЖШС (БСН 200840027266) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Скоробогатов көшесі, 67-үй, 80-пәтер, тел.87472632729.

14. «Нұрлыбек-2023» АӨК (БСН 230740021689) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы, П. Әлпейсов көшесі, 8-үй.

МҰРАГЕРЛІК

4. 2025 жылы 17 қаңтарда қайтыс болған Хисмеденова Заида Мырзабаевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға, Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе бойынша хабарласуларын сұраймыз.

5. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демеженова Набат Джаумитбаевна, 30 наурыз 1959 жылы туылған, 2024 ж. 19 желтоқсанда қайтыс болған Акмоллаева Айжамалдың артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты осы марқұмның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал ш/а, 1/2 үй, 20 кеңсе бойынша хабарласуды сұрайды.

6. 15.07.2024 жылы қайтыс болған Ахатаева Лаура Кайратовнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

7. 02.07.2024 жылы қайтыс болған Бекишев Куаныш Каблешовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRAd and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

